

**С. Нуратдин, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Е. Е. Серімов, ӘҚ және ІІО ӘҚ кафедрасының
профессоры, заң ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)**

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҰҚСАСТЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Әкімшілік-құқықтық саясат және оның негізгі стратегиясы — қылмысты ескерту оның мүмкіншіліктерін барынша қамтамасыз етуге, сонымен бірге қылмыс деген құбылыстың ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатерін төндірмейтін халге жеткізуге бағытталған.

Осы жағдайларға байланысты ғылыми тұрғыдағы бағыттар, қоғамда кеңірек тараған қылмыс түрлерін әкімшілік-құқықтық ескертудің рөлін, мәні мен мүмкіндіктерін зерттеп-зерделеуге жұмсалуды қажет.

Заң саласын сөз ететін бұқаралық ақпарат құралдарында орын алып жатқан кешенді көзқарастар мен ой-пікірлер әлеуметтік құбылыстар мен үрдістердің, соның ішінде құқық қорғау саласының қызметтерімен байланысатынын ғылыми тұрғыдан танып-білудің ажырамас элементтері болып табылады. Солардың негізінде құқыққа қайшы әрекеттер тудыратын не солардың пайда болуына жағдай жасайтын көптеген әр тектес факторлардың мейлінше күрделі өзара байланыстары мен өзара тәуелділігін талдаудың, әшкерелеу мен объективті бағалаудың жүйелілігі қамтамасыз етіледі.

Әкімшілік-құқықтық әсер етудің ескертушілік қызметі объективті және субъективті факторлар жүйесінің бірлігімен сипатталатын, қылмыс пен құқық бұзушылықтың бірдейлігіне, олардың кейбіреуінің құрамдарының ұқсастығына байланысты болатын қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың әлеуметтік-құқықтық табиғатының ортақтастығына негізделеді.

Қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың ортақтастығын толығырақ түсініп алу мақсатында, біріншіден, олардың салыстырмалы талдауына, екіншіден, осы құқыққа қайшы қылық нысандарының өзара негізділігінің әлеуметтік механизмін, әсіресе әкімшілік құқық бұзушылықтың өрши келе қылмысқа айналуының бастапқы себептеріне назар аударуымыз керек.

Бізге осылардың бағыты бірдей болып көрінгенімен, іс жүзінде құқыққа қайшы қылықтардың барлық түрі, сондай-ақ бас пайдасын ойлаған мақсаттағы жасалатын құқық бұзушылықтар мен қылмыстар күш көрсететін сипатқа ие болады. Өмірдің өзі көрсеткеніндей, мұндай қылықтардың әр түрлілігі жеткілікті түрде кең, ал оны әлеуметтік және заңдық тұрғыдан бағалау көп ретте қоғамдағы қалыптасқан нақты экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайларға, жаппай құқықтық сана-сезімге, инабаттылыққа және өзге де құндылықтарға байланысты болады.

Іс-әрекетті қылмысқа немесе әкімшілік құқық бұзушылыққа жатқызу, ең алдымен жасалған әрекет белгілерін нақты нормалармен (әкімшілік-құқықтық немесе қылмыстық-құқықтық) анықтауға байланысты. Осыған орай қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық арасын дұрыс айыруды елдегі үнемі өзгеріп отыратын саяси, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық жағдайларды ескере отырып, қылмыстық және әкімшілік заңдарды салыстыру негізінде жүргізген жөн.

Шындығына келгенде, өзгеше тұжырымдар біздің құқықтануымыздағы қоғамға зиян әкелетін, яғни қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін немесе зиян келтіру қатерін төндіретін әрекеттер түріндегі қоғамдық қауіптілік категориясының ұғымына қайшы келген болар еді. Осыдан келіп, егер әкімшілік құқық бұзушылық қоғамдық қауіпті болып табылмаса, ол қоғамға зиянды болып та табылмайды, ал егер ол қоғамға зиянды болса, онда оған қоғамдық қауіптіліктің белгілі бір дәрежесі тән деген болжал айтуға болады.

Зерттеу үнемі әкімшілік құқық бұзушылық жасап жүрген қылмыскерлер үшін жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық нормаларына мейлінше некетілікпен қарау, белгілі бір қалыпта өздері араласатын шиеленісті жағдайды арандатудағы және оны одан әрі өршітудегі белсенді іс-қимыл таныту тән екендігін көрсетеді.

Сонымен, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстың арасында тұлғалардың қоғамдық қауіптілігінің біртіндеп қалыптасу процесін объективті түрде тойтаратын өзара байланыстар, саналы түрде не жағдайға байланысты жалпыға танымал әлеуметтік құндылықтарға қарсы бағытталған сипат алады.